



Бектетеу мектебі
Директорының орынбасары
Серикбаева Т.А.

2022 ж

Келісемін:
Оқу ісінің меңгерушісі
Рахметова З.М.
« 01 » 09. 2022 ж

Қаралды:
ӘБ жетекшісі
Абдрахманова Ж.Т.
« 01 » 09. 2022 ж

ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА

Бастауыш сыныптарда математика пәні бойынша оқыту нәтижелерін бағалау бағдарламасы

Бастауыш сыныптарда математика пәні бойынша факультатив курстар бағдарламасы

3 сынып

Бастауыш сынып мұғалімі: Хайруллина Гулжаухар Турлыханкызы

«Қызықты математика»
Аптасына 1 сағат,
барлығы -36 сағат

№	Сабақ тақырыбы	Сағаттар саны	Мерзімі
1	Суреттер бойынша қарапайым есептер құрау	1	02.09.2022
2	Ондықтар мен жүздіктерге арналған тапсырмалар	1	09.09.2022
3	Теңдеу құру, шығару	1	16.09.2022
4	Көбейту және бөлу кестесі	1	23.09.2022
5	Көбейту және бөлу амалдарының байланысы	1	30.09.2022
6	Зейін топтарын дамытуға арналған тапсырмалар	1	07.10.2022
7	Санды өрнектер мен әріпті өрнектер	1	14.10.2022
8	Амалдарды ауызша есептеу тәсілдері	1	21.10.2022
9	Білімдерін тиянақтау, деңгейлік тапсырмалар	1	28.10.2022
10	Өрнектер	1	11.11.2022
11	Жақшалы есептер	1	18.11.2022
12	Амалдардың орындалу тәртібі	1	25.11.2022
13	Қызықты тапсырмалар	1	02.12.2022
14	Математикалық ойын есептер	1	09.12.2022
15	Есту арқылы есте сақтауға арналған тапсырмалар	1	16.12.2022
16	Көру арқылы есте сақтауға арналған тапсырмалар	1	23.12.2022
17	"Біз есептейміз" жарыс сабағы	1	30.12.2022
18	Математикалық басқатырғыштар, ребустар, сөзжұмбақтар шешу	1	13.01.2023
19	Математикалық басқатырғыштар, ребустар, сөзжұмбақтар шешу	1	20.01.2023
20	"Қызықты тапсырмалар" ойыны	1	27.01.2023
21	Геометриялық фигуралар	1	03.02.2023
22	Фигура бұрыштары	1	10.02.2023
23	Фигуралардың периметрі	1	17.02.2023
24	Шамалар. Ұзындық бірліктері	1	24.02.2023
25	Уақыт бірліктері	1	03.03.2023
26	Масса бірліктері, сыйымдылық	1	10.03.2023
27	Геометриялық фигуралармен құрастыру жұмыстары	1	17.03.2023
28	Санамақ ойындары., оларды жаттау	1	31.03.2023
29	Зейінді дамытуға арналған тапсырмалар	1	07.04.2023
30	Назар аударуға арналған тапсырмалар	1	14.04.2023
31	Қиялдауды жетілдіру тапсырмалары	1	21.04.2023
32	Ойша көз алдына елестету тапсырмалары	1	28.04.2023
33	Кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтау	1	05.05.2023
34	Логикалық ізденіс тапсырмалары	1	12.05.2023
35	"Білімділер" сайысы	1	19.05.2023
36	Санамақ ойындары., оларды жаттау	1	26.05.2023

Түсінік хат

Бүгінгі таңда 12 жылдық білім беру сатысына көшу бағыты мұғалім мен оқушы алдына үлкен міндеттер мен жауапкершілікті жүктейді.

Төменгі сыныптан бастап балаларды өздерінің қабілеті бар салаға бағыттау, сол салаға деген қызығушылығы мен ізденісін қалыптастыру өзекті мәселе. Жалпы білім беретін оқу орнының бастауыш сатысында «Қызықты математика» таңдау курсы оқытылады. Бұл курс математика пәнін тереңдетіп оқытуға негізделген. Таңдау курсы оқушылардың белгілі білім саласына тұрақты қызығуын қалыптастыру үшін, оқушылардың жас ерекшелігімен байланысты таным мүмкіндігіне сай жүзеге асырылады.

Бастауыш сыныптың 3-сыныптарына арналған «Қызықты математика» арнайы курс бағдарлама үлгісі аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат жүктеме берілген. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама оқушылардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейін ескеріледі.

Балалардың танымдық қабілеттерін дамытып пәнге деген қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы - дидактикалық материалдар мен қызықты тапсырмалар. Есеп зерделілікке, қиял- дауға, тапқырлыққа, шапшаң есептеу қабілеттерін дамытуға тәрбиелейді.

Математикалық викториналар, ребустар, логикалық есептер, математикалық эстафеталар, сөзжұмбақтар шешу, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді.

«Қызықты математика» таңдау курстың әрбір бөлімдерде аталған тақырыптар бойынша сағаттарға бөлінген. Шығармашылық жұмыстар жүргізіліп, дайын сызба және сурет бойынша есептер құрастыру және есептерді тиімді жолмен шығарудың тәсілдері туралы айтылады. Әрбір тақырып соңында сол тақырыпқа сәйкес тест берілген. Сонымен қатар курсты оқу барысында оқушылар есептеулердің тиімді жаңа тәсілдерін, танымдық және логикалық тапсырмалардың шешу жолдарын анықтай алады. Тақырыптың теориялық бөлімінде сыныптағы жеке оқушының қабілетіне, олардың білім деңгейіне қолданудағы мұғалімнің кәсіби шеберлігі, ізденімпаздығы талап етіледі. Курс пәнаралық байланыс негізінде технология, жаратылыстану пәндерімен байланыстырыла оқытылады.

Бұл таңдаулы курс 3-сынып оқушыларының білім-білігіне, икем-дағдысына және сынып балаларының ойлау қабілетінің дамуына ықпал етері сөзсіз.

Мазмұны

I бөлім. Қарапайым математикалық есептеулер - 9 сағат.

Сурет бойынша есептер құрастыру. Ондықтарды, жүздіктерді ауызша қосу және азайтуды тереңірек меңгерту. Мәтінді есепке байланысты теңдеулер құру және оларды есептеу. Көбейту және бөлу амалдарын меңгерту, көбейту кестесін жаттату. Көбейту және бөлу амалдарының өз ара байланысын меңгерту. Оқушылардың білімдерін саралау мақсатында деңгейлік тапсырмаларды орындату. Эстафеталық ойын есептерді еркін, әрі жылдам орындатуға баулу.

II бөлім. Қызықты математикалық есептер - 11 сағат.

Өрнектер, жақшалы есептерді шығарту және амалдардың орындалу тәртібін сақтауға үйрету. Қызықты математикалық тапсырмаларды өз бетімен орындату. Өзіндік жұмыстар мен тапсырмаларды қызықты математикалық ойын есептері арқылы орындауға үйрету. Түрлі математикалық тапсырмалар мен ойын есептерін шығара отырып, математика пәніне деген қызығушылығын арттыру.

III бөлім. Геометриялық фигуралар мен шамалар - 9 сағат.

Геометриялық фигураларды (тік төртбұрыш, төртбұрыш, үшбұрыш, шаршы) ажырату, фигуралардың бұрыштарын (сүйір, доғал, тік) табу, қабырғаларын есептей отырып периметрін табуға машықтандыру. Шамалар туралы түсініктерін кеңейту. Ұзындық, масса, уақыт, сыйымдылық бірліктеріне байланысты есептер шығару, құрастыру. Геометриялық фигуралармен түрлі математикалық ойын есептерді орындату.

IV бөлім. Логикалық ойлауға арналған есептер – 7 сағат.

Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға арналған есептер шығартуға үйрету, танымдық белсенділігін арттыруға арналған тапсырмалар орындату. Логикалық оқыту тапсырмаларын назар аудару, елестету, есте сақтау, зейінді дамыту және ойша тұжырымдама жасатуға қалыптастыра отырып орындату.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.ҚР мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарты.
- 2.Қызықты математика.Авторы: Ә.Б.Ақпаева., Л.А.Лебедова «Алматыкітап»
- 3.Математика өзіндік және бақылау жұмыстары. Өлке баспасы-2010ж.
4. Оқыту процесін технологияландыру. Ж.У.Кобдикова. Алматы-2000ж.

